

2023-2024 оқу жылындағы бейіндік оқыту бойынша қорытынды

Жалпы орта білім берудің негізгі міндеттері-міндетті оқу пәндері мен таңдау бойынша бейіндік оқу пәндерін үйлестіру негізінде жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттарда бейінді оқытуды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына 21 қосымша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 Бұйрығына 11-12 қосымшаларын негізге ала отырып жасалған.

Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебінің 2023-2024 оқу жылына қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану – математикалық бағыттары бойынша 10-11-сыныптарға арналған оқу жоспары жасалынып, мектеп директорымен бекітіліп, Шардара ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісімен келісілген.

Жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылатын 10 «А» -сыныпқа жоғарыдағы бұйрықтың 12-қосымшасын басшылыққа алынып міндетті оқытылуға берілген 11 пәнге 20 сағат қарастырылған. Тереңдетілген деңгейде география пәніне 3 сағат, ағылшын тілі пәніне 3 сағат, жалпы 6 сағат; стандарттық деңгейде химия пәніне 2 сағат, биология пәніне 2 сағат қарастырылған. Жеке және топтық сағаттарға 6 сағат берілген соның ішінде Жаһандық құзыреттілікке 1 сағат, Сапта жүруге 1 сағат, спорт ойындарына 1 сағат берілген және тақырыптары көрсетілген. Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 34 сағатты құраған.

Қоғамдық-гуманитарлық бағытта оқытылатын 10«Ә» -сыныпқа аталған бұйрықтың 11-қосымшасын басшылыққа алынып міндетті оқытылуға берілген 11 пәнге 20 сағат қарастырылған. Тереңдетілген деңгейде дүние жүзі тарихы пәніне 2 сағат, география пәніне 2 сағат, жалпы 4 сағат; стандарттық деңгейде химия пәніне 2, биология пәніне 2 сағат сағат қарастырылған. Жеке және топтық сағаттарға 5 сағат берілген оның ішінде жаһандық құзыреттілік пәніне 1 сағат, сапта жүруге 1 сағат берілген. Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 33 сағатты құраған.

Жаратылыстану-математикалық бағытта оқытылатын 11 «А»-сыныпқа аталған бұйрықтың 12-қосымшасын басшылыққа алынып міндетті оқытылуға берілген 11 пәнге 20 сағат қарастырылған. Тереңдетілген деңгейде биология пәніне 3 сағат, химия пәніне 3 сағат, жалпы 6 сағат; стандарттық деңгейде құқық негіздері 1 сағат, дүние жүзі тарихы пәніне 1 сағат қарастырылған. Жеке және топтық сағаттарға 6 сағат берілген оның ішінде жаһандық құзыреттілікке 1 сағат, сапта жүруге 1 сағат берілген және тақырыптары көрсетілген. Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 34 сағатты құраған.

Қоғамды-гуманитарлық бағытта оқытылатын 11 «Ә»-сыныпқа жоғарыдағы бұйрықтың 11-қосымшасын басшылыққа алынып міндетті оқытылуға берілген 11 пәнге 20 сағат қарастырылған. Тереңдетілген деңгейде құқық негіздері пәніне 2 сағат, география пәніне 2 сағат, жалпы 4 сағат; стандарттық деңгейде химия пәніне 2 сағат, биология пәніне 2 сағат қарастырылған. Жеке және топтық сағаттарға 5 сағат берілген соның ішінде жаһандық құзыреттілікке 1 сағат, сапта жүзу 1 сағат берілген және тақырыптары көрсетілген. Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 33 сағатты құраған.